

Маутханова. А. Б
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КМҚК

Ғылыми жетекшіі: Мусина.К.С

**ТІЛ БІЛІМІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Тілдің функциональдық және коммуникативтік қызметін тіл білімінің жекелеме салаларынан берілетін білім мазмұнын қамти оқытудың қазіргі заманғы мәселелесін қарастыру. Коммуникативтік дағдыны қалыптастыру үшін сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым, оқылым, айтылым жазылым) меңгерілуі тиіс. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құра отырып, қажетті тілдік дағдыларды дамыту өзекті болып отыр.

Зерттеу жұмысының болжамы: Егер тіл білімі ғылымының жекелеме салаларынан берілетін білім мақсатты жүргізілсе, онда білім беру үдерісінде қалыптасатын коммуникативтік дағды арқылы оқушылардың бойында әлеуметтік және қоғамдық ортада жеке тұлға ретінде өзін-өзі таныту мәдениеті қалыптасады, жаңа мүмкіндіктер анықталады, өйткені педагогикалық әрекет тікелей осыған бағытталады.

Зерттеудің мақсаты: Қазақ тілі сабағында тілдік коммуникативтік функцияны мақсатты түрде нәтижеге бағыттай жоспарлау және жүзеге асырудағы тілі білімінің жекелеме салаларынан берілетін білімнің маңыздылығын анықтау.

Зерттеудің негізгі міндеттері:

- бастауыш білім беру сатысындағы тілдің коммуникативтік функцияларын анықтау;
- пән сабақтарындағы тілдік дағдылардың орындалу нәтижесін бақылау;
- коммуникативтік орта қалыптастыруда тіл білімінің жекелеген салаларынан берілген тақырыптарды оқыту мәселесін қарастыру.

Коммуникативтік қабілет пен құзыреттіліктің даму деңгейі адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың сапалық мазмұнымен айқындалады. Қарым-қатынастың бір-бірімен байланысты үш жағын ашып көрсетсек: біріншіден, коммуникативті жағы, мұнда қарым-қатынас адамдар арасындағы ақпарат алудан тұрса, екіншіден, интерактивті жағы – адамдар арасындағы өзара әсер етуді ұйымдастыру, үшіншіден, перспективті жағы – қарым-қатынасқа түскен адамдардың бір-бірін қабылдау негізінде өзара түсініспеушіліктің пайда болуы.

Коммуникация - ортақ түсінушілікке әкелетін екі жақты ақпарат алмасу. «Коммуникация» терминін латын тілінен аударғанда, «жалпы, барлығымен бөлісу» [2, 272-бет] дегенді білдіреді. Коммуникация жетістігін

білу үшін, кері байланысты білу керек, яғни адамдар сізді қалай түсінді, қалай қабылдады, тағы сол сияқты сұрақтарға жауап берілуі тиіс.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (лат. *competere* — «қол жеткізу», «сәйкес келу» сөзінен шыққан) — балалар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда баланың тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер бала сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені болып саналады.[2]

Коммуникативті құзыреттілік — қарым-қатынастың нормалары мен ережесін білу оның технологиясын меңгеру сияқты «тұлғаның коммуникативті әлеуеті» атты кең түсініктің құрамдас бөлігі. Ғалым Д.Хаймз «коммуникативті құзыреттілік» ұғымын келесідей құзыреттеліктермен біріктіреді:

- лингвистикалық (дұрыс тілдік қатынастың болуы);
- әлеуметтік-лингвистикалық (диалектикалық сөздер ережесі);
- дискурсивті (айтылатын ойды дұрыс құра білу ережесі);
- стратегиялық (серіктесімен қарым-қатынасты сақтау ережесі).

Коммуникативті құзыреттілік ұғымына Н.В.Мирза «Профессиональная компетентность педагога» атты еңбегінде анықтама беріп, коммуникативті мәдениет туралы жіктейді. Коммуникативті әлеует — бұл адам мүмкіншілігінің сипаттамасы, ол оның қарым-қатынасының сапасын анықтайды. Ол өзіне қарым-қатынаста құзыреттілікпен қатар, тағы да екі құрамдасты біріктіреді, олар: қатынас жасаудағы қажеттіліктің дамуын сипаттайтын тұлғаның коммуникативті қасиеттері, белсенділік танытуға қабілеттілігі, әріптестерінің жағдайына эмоционалды үндесу, қарым-қатынастың жеке меншікті бағдарламасын қалыптастыру және іске асыру, қарым-қатынаста өзін ынталандыруға және өзара ынталандыруға қабілеттілігі.

Көптеген психологтардың пікірі бойынша, тұлғаның коммуникативті мәдениеті туралы айтуды оның сапа жүйесі ретінде:

- шығармашылық ойды;
- сөздік іс-әрекет мәдениетін;
- қарым-қатынаста өзін бейімдеу мәдениеті және өзінің жағдайын психоэмоционалды реттеуді;
- ым мен қимыл пластикасының мәдениетін;
- қарым-қатынас бойынша әріптестің коммуникативті іс-әрекетін қабылдау мәдениеті;
- сезім мәдениетін біріктіреді. Коммуникативті компетенттілік сияқты коммуникативті мәдениетте жайдан жай пайда болмайды, ол қалыптасады. Оның қалыптасу негізі адамдық қарым-қатынастың тәжірибесінен тұрады. [3, 25].

Адамға өмірде керегі - білім. Білім арқылы қоғамда қарым-қатынас құра білу, басқа адамдармен тіл табысу жеңіл. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» деген еді М.О.Әуезов. Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларын сөйлете отырып, өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға болады. Әсіресе, баланың ойын тыңдап, оған дұрыс бағыт, бағдар беру, бір-бірімен қарым-қатынаста өзара пікір алмасуға жетелеу, ой мен пікірге құрметпен қарауға баулу да маңызды. Ол үшін қазақ тілі пәнін оқыту барысында тілі білімі ғылымының жекелеме салаларынан берілетін білім мазмұнын, оның оқушының тілдік сауаттылығын қалыптастырудағы орнын анықтап алған жөн. Мысалы, 2- сыныпта тілі білімі ғылымының «Лексика» саласынан оқушының сөздік қорын байыту үшін «Тура және ауыспалы мағыналы сөздер», «Антоним», «Синоним», «Омоним» сияқты тақырыптар берілген. Мысалы: «Синоним» тақырыбындағы 15-жаттығуда Синоним сөздерді тауып, жұптап жазу керек. Сөздер: әдемі, қашық, сұлу, ер, биік, батыр, зәулім, шалғай. [5,11] Сол сияқты «Омоним» тақырыбындағы 30- жаттығуда тірек сөздерді пайдаланып, «Жеңіс» тақырыбында мәтін құрап жазу берілген. Тірек сөздер: Қазақстан, боксшылар, Серік Сапиев, Бекзат Саттарханов, жеңу, ту. Осындай тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың сөздік қоры дамиды. [5,16]. 4-сыныпта оқытылатын «Тұрақты сөз тіркестері» деген тақырып та оқушының ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға негіз болады.

Коммуникативтік стратегияға кіретін: әңгімелесушінің зейін қойып тыңдауын қадағалау; «Бәрі түсінікті» деген сигналы арқылы толық түсінуді қамтамасыз ету; «Мен дұрыс түсіндім» сигналы арқылы әңгімелесушінің толық түсінігін қамтамасыз ету; сөз жетіспеушілігін сөз тіркестері мен түсініктемелер, грамматика жетіспеушілігікті сөз құрылымын қысқарту немесе ауыстыру, ана тілінің элементін фразалық құрылымын көшіру, қате кеткен жағдайда өзін-өзі түзеу. Коммуникативтік ойлау іс-әрекетіне дайын болатын когнитивтік құзырлық коммуникативтік құзырлықтың керекті компоненті болып табылады. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың тіл-ойлау қабілетін дамытатын жағдайлар: мәтінмен жұмыс; мәселемен жұмыс; ойын жұмыстары; электрондық оқулықтармен жұмыс.

Ойлау – сөйлеуді керек ететін кез келген жағдайда үш компонент өзара байланысады: шешілетін мәселе, білімдердің барлығы, зерттеу. Коммуникативтік оқыту тілдік әрекетінің барлық түрінде қалыптасады – тыңдауда, сөйлеуде, оқығанда, жазғанда. Жалпы барлық лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттерде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастырады: сөйлеу, оқу, жазу, түсіну. Коммуникативтік оқыту «Тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым» деп қарастырылса, ауызша өзара қатынас, жазбаша өзара қатынас бір уақытта дамиды. Жоғарыда айтылғандай коммуникативтік оқытудың сөйлеу әрекетінің барлық түрінде де қажеттілікпен қатысып тұрғаны көрінеді. Өйткені ол ауызша да, жазбаша да қарым-қатынас жасаушылардың бір-бірін тілдік қабылдауы мен түсінгенін қамтамасыз етеді. Сабаққа дайындалған уақытта формаларды (ұжымдық,

топтық т.б.) іріктеп алу қажет. Көрсетілген формалар арқылы оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын тексеру үшін түрлі белсенді тапсырмалар енгізу қажет. Жеңілден ауырға принципі бойынша жүзеге асады. Әр жаңа тақырып бойынша мәтінді меңгеру кезінде балалар топқа бөлініп, әрбіріне бес міндет беріледі: Мәнерлеп оқу; Түсіну; Сұрақтар қою немесе диалог құрау; Сызба арқылы өз ойларын айту. Мысалы, 2 сыныпта «Дене мүшелерінің таласы» мәтінін меңгеру кезінде балалар топ ішінде бес міндетті бөлісіп алады. Дайындыққа 10 минут беріледі. Уақыт өткеннен кейін 1 оқушы мәтінді мәнерлеп оқиды, екіншісі – мәтін бойынша түсінгенін айтады, үшіншісі – мәтін бойынша сұрақтар қояды, топ ішіндегі оқушылар оларға жауап береді немесе екі оқушы диалог құрайды, келесі оқушы мәтін бойынша сызба құрайды, мысал келтіреді. Сөйтіп топтағы әрбір оқушы қамтылып, сабаққа белсенді қатысады.

Коммуникативтілік дағды қалыптастыруда мәтінмен жұмыстың пайдасы жоғары. Мәтінді оқыту арқылы оқушылардың танымдылық қабілеттері, танымдық үрдістері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Бұның бәрі дамығаннан кейін оқушының қиялы мен ойлауы, есі мен қабылдауы, зейіні дамып қалыптасады. Танымдық қабілеттер, танымдық үрдістер әрбір технология барысында дамиды. Ал қажеттелікті қанағаттандыру әртүрлі әлеуметтік жағдайларда бағыт-бағдарды жоғалтпау, адамдардың эмоционалдық жағдайлары мен жеке тұлғаның ерекшеліктерін анықтау, олармен қарым-қатынастың теңбе-тең түрлерін таңдау, өзара іс-әрекет үрдісінде сол түрлерін іске асыру, зейіндерін қадағалау және айқындау, көпшілік алдындағы жағдайларда іс-қимылын білу, өзіне зейін аударту, психологиялық қатынас орнату, сөйлеу мәдениеті дамиды. Ал сөздік қорының дамуы мәтінмен жұмыс істегенде, белгілі бір мәселені шешкенде дамиды.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабағында коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған тіл білімі салаларынан берілген тақырыптарды мәтінмен жұмыс барысында байланыстыра меңгерту маңызды. Оқушыларымыз жаңа заман талабына сай білімді, жан-жақты, ана тілінде өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, мәдениетті, өмірге икемделген тұлға болуы үшін оның бойында коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мұғалімнің (болашақ мұғалімнің де) қолында. Мұндағы басты мәселе – тілдік бірліктерді орнымен сауатты қолдануға үйрететін тиімді оқыту әдісін дұрыс таңдау. Г.Галилей: «Адамды бірнәрсені қайталауға үйреткеннен гөрі, оған жаңалық ашуға көмектескен жөн» - деген екен. Әр мұғалім осы бағытта жұмыс істегенде ғана, ойлау мен шығармашылық қабілеті қалыптасқан, құзырлы тұлға қалыптастыра алады деп ойлаймын. Сондықтан да мен таңдаған мамандығым арқылы болашақта оқушымының назарын тіл білімінің өзекті мәселелеріне, коммуникативті дағды қалыптастырудағы тіл білімі ғылымының жекелеме салаларынан алынған білімнің қажеттілігін түсінуіне аударамын.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2021.08.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. Ф.Ш. Оразбаева, «Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі», 2005, 272 б.
3. Муканова К.К, Рысбекова М «Қазақ тілі сабағында коммуникативтік күзінеттілік қалыптастырудың тиімді әдістері» // // Қазақ тілі мен әдебиеті: әдістеме Республикалық ғылыми-педагогикалық әдістемелік журналы. – Алматы: «Республикалық ғылыми-әдістемелік» баспасы, №2 2022, 24-33 б.
4. Ә.Е.Жұмабаева,.Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 2 сыныбына арналған оқулық, /1 бөлім/ - Алматы: Атамұра, 2017
5. Ә.Е.Жұмабаева,.Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 2 сыныбына арналған оқулық, /2 бөлім/ - Алматы: Атамұра, 2017
6. Ә.Е.Жұмабаева,.Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 3 сыныбына арналған оқулық, /1 бөлім/ - Алматы: Атамұра, 2017
7. Ә.Е.Жұмабаева,.Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 3 сыныбына арналған оқулық, /2 бөлім/ - Алматы: Атамұра, 2017
8. Ә.Е.Жұмабаева,.Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 4 сыныбына арналған оқулық, /1 бөлім/ - Алматы: Атамұра, 2017
9. Ә.Е.Жұмабаева,.Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 4 сыныбына арналған оқулық, /2 бөлім/ - Алматы: Атамұра, 2017
10. А.Қ Әлімов Интербелсенді оқу әдістемесін мектепке қолдану Астана, 2014